

Тіл мәртебесі - ел мәртебесі

Адам өмірге дүниеге келгеннен бастап, өз ана тілінде сөйлеу біртіндеп қалыптаса бастайды. Ол ананың сүті арқылы беріледі. Баланың өз ана тілінде сөйлеуі ата-ананың және өскен ортаға, өмір сүріп отырған қоғамға байланысты деп ойлаймын. Мектепке дейінгі балалардың өз ана тілінде сөйлеуге тілін жаттықтыру үшін мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштарды жаттау арқылы тілдерін дамытамыз. Бала отбасында қандай тәрбие алса, сондай тәрбие бойына қалыптасады. Бәрі де балаға тәрбие беруден басталады. Әрбір қазақ отбасында баланың өз ана тілінде сөйлеуіне жағдай жасағаны дұрыс. Сонда ғана бала өз ана тілін ұмытпайды. Күнделікті өмірде ауызекі сөйлеуді барынша дамыту үшін қазақша мультфильмдерді, ертегілерді көрсету арқылы дамытамыз.

Қазақ тілі сабағында күн сайын әнұранды айтуды дәстүрге айналдырдым. Мектепке дейінгі балалардың бойында өз Отанына деген сүйіспеншілік пайда болады. Қазақ тілі сабағы ойын түрінде өтеді. Күнделікті сабағымда дидактикалық ойындар, әр түрлі суреттер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ертегілер, тапсырмалар, видеоларды қолданамын.



Мектепке дейінгі балалардың тілін, ойлау қабілетін дамыту үшін «Күн мен Түн», «Кім жылдам?», «Жақсы мен Жаман», «Не артық?», «Сиқырлы қапшық» т.б дидактикалық ойындарды ойната отырып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырамын. Дидактикалық ойындар, сюжетті ойындар мектепке дейінгі балалардың сабақта көңіл-күйін, ерік-жігерін дамытып қоймай, сонымен қатар сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзге ұлттың балаларының бойында қазақ тілін құрметтеу сезімі бойына қалыптасады. Қазақ халқының «Қыз қуу», «Алтын сақина», «Теңге алу» ұлттық ойындарын сабақта қолданамын. Қазақ тілі сабағын қызықты қылып өткізу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді, заманауи технологияларды пайдаланамын. Балаларды 1-10 дейінгі сандарды санауға үйретемін. Сұрақ-жауап әдісі арқылы балалардың өткен білімдерін тексерем. Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Мен әр сабағымда ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге

ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етемін. Сонда ғана сабақ тартымды және мектепке дейінгі балалар сабақта жалықпайтын болады.

Тіл - адамдардың қарым - қатынасының басты құралы болып табылады. Бала тіл арқылы өз ойын еркін жеткізеді алады. Әр ел өзінің тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын тани бастайды. Ана тілі арқылы білім алады, жан-жақты болуға ұмтылады. Тіл - ұлы қазына, баға жетпес асыл мұрамыз. Тіл қоғамда дамып және жетіліп отырады. Бір орында тұрмайды. Тілдің арқасында баланың бар мүмкіндікке жетуіне жол ашады. Өз елінің мәдениетін жасайды, өмірден түйген тағылымын, тұжырымдарын келешек ұрпаққа жеткізеді. Тіл адамзатқа ғана емес, қоғам мен тарихқа тығыз байланысты.



Тіл мен әдебиетті оқи отырып, адамдардың болмысы қалыптаса бастайды және ненің жақсы, ненің жаман екенін тани бастайды. Баланы мұратқа жеткізетін-ана тілі мен салт – дәстүрі. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін алғаннан бері қазақ тілінің тағдыры мені көп алаңдатып жүр. Өйткені, қазақ жастарының өмірі бұлыңғыр болмауы тиіс. Қазақстан мемлекетінің жастарына сапалы білім беріп, саналы да, тәрбиелі де ұрпақ болатына зор үмітпенен қараймын. Қазақ тілі - дүниежүзіндегі ең бай тіл. Қазірден бастап балаларды өз еліне деген сүйіспеншілдікке, патриоттық сезімге тәрбиелеуіміз керек. Біріншіден: ана тіліміздегі тәрбиені өскелең ұрпақтың құлағына құя берсе ғана нәтижеге жетуге болады. Қазақ тілін әлем бойынша басқа тілдер сияқты өз даму дәрежесіне жетуіне көп күш жұмсауымыз тиіс. Тіл өткірлігіне, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы ерекше көп мән берген. Тіл өнерін ардақтап, құрметпен қадірлей білген. Әр халықтың өз ана тілі, салт-дәстүрі, әдет - ғұрпы болады. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі құдіретті болып саналады. Осы асыл мұрамызды ұрпақтан-ұрпаққа екшелеп жеткізіп, отырудың үлкен маңызы бар, келешек ұрпақ тәжірибесінде оның алатын орны ерекше деп ойлаймын.

Дайындаған:

Анелова Шынар Нокешевна
қосымша білім беру педагогы